



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank  
арқылы жазылу

№100-101 (10501) 16 ЖЕЛТОҚСАН, СЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## «ТАЗА МАҢҒЫСТАУДЫҢ» ТАБИҒАТ ЖАНАШЫРЛАРЫ

АҚТАУДА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТАПСЫРЫСЫ АЯСЫНДА «ЭКО МАҢГИСТАУ» ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТКЕН «ТАЗА МАҢҒЫСТАУ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЧЕЛЛЕНДЖІНІҢ ЖАБЫЛУ САЛТАНАТЫ ӨТТІ. ІС-ШАРАҒА АЙМАҚ БАСШЫСЫ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ ЖӘНЕ ӨНІР ТАЗАЛЫҒЫНА ӨЗ ҮЛЕСІН ҚОСҚАН БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР АТСАЛЫСТЫ.



Таза чалленджіне туған өлке табиғатын қорғау идеясы біріктірген 500 адам тікелей қатысты. Қатысушылар ұйымдастырған іс-шара мен акцияға шамамен 2 мың адам қатысты. Нақты деректерге жүгінсек, 27 мың литр су үнемдеді, 1 тоннаға дейін қалдық жинады. Челлендж финалына 52 қатысушы жолдама алды.

(Жалғасы 10-бетте)

## Спорт нысандарының САНЫ АРТТЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ БАУЫРЖАН РАПИКОВ МАҢҒЫСТАУ ӨНІРІНЕ ІССАПАРЫ АЯСАНДА ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСІП, ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАРМЕН ТАНЫСТЫРДЫ. ЖИЫНДА АТАЛҒАН САЛАЛАР БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР, ЖОСПАРЛАНҒАН ЖОБАЛАР ЖӘНЕ ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚОЗҒАЛДЫ. КЕЗДЕСУДЕ БАУЫРЖАН РАПИКОВ БАЯНДАМА ОҚЫП, ТҮРҒЫНДАРДЫ ТОЛҒАНДЫРҒАН СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРДІ.

Бүгінде облыс халқының 41 пайызы, яғни 328 мыңнан астам адам спортпен тұрақты түрде айналысады. Биыл 6 спорт нысанының құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілді. Оның 4-еуі бюджеттік қаражат есебінен бой көтерген. Қарақия ауданының Жетібай, Мұнайшы ауылдарында ангартипте спорт залдары салынды. Бейнеу ауданының Боранқұл ауылындағы, Түпқараған ауданының Қызылөзен ауылында салынған спорт нысандары жыл соңына дейін қолданысқа берілмек. Сондай-ақ Мұнайлы ауданындағы Дәулет ауылында «Самұрқ-Қазына» АҚ қаржыландыруымен барлық заманауи талаптарға сай жабдықталған спорт кешені ашылған болатын.

(Жалғасы 2-бетте)

ВАЛЮТА БАҒАМЫ	
(USD) АҚШ доллары	518.60
(EUR) Еуро	608.32
(RUB) Ресей рублі	6.77

АУА РАЙЫ		ТҮН	КҮН
Ақтау	-1	+3	
Жаңаөзен	-4	+1	
Форт-Шевченко	-1	+1	

## ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН БІРГЕ ТҮЛЕГЕН АЙМАҚ



МАҢҒЫСТАУ ӨНІРІ ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 34 ЖЫЛДЫҒЫНА ТОЛАЙЫМ ТАБЫСПЕН ЖЕТІП ОТЫР. ЕГЕМЕНДІКТІ ЕНШІЛЕГЕЛІ БЕРГІ АЗ ЖЫЛ ІШІНДЕ ӨНІР ЭКОНОМИКАСЫН ӨРКЕНДЕТУ БАҒЫТЫНДА АУҚЫМДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСТЫ. ЖАЛПЫ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАЛЫ БЮДЖЕТ ҚАЗЫНАСЫНА ҚҰЙЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚАРЖЫ КӨЛЕМІ ЖЫЛ САНАП АРТТЫ. ГАЗЕТИМІЗДІҢ БҮГІНГІ САНЫНДА ЕЛІМІЗ ДЕРБЕСТІГІН БЕКІТКЕЛІ ОБЛЫСТЫҢ ИНДУСТРИАЛДЫҚ ДАМУ ИНДЕКСІН ІЛГЕРІЛЕТКЕН ІРІ ЖОБАЛАРҒА ШОЛУ ЖАСАУДЫ ЖӨН САНАДЫҚ.

(Жалғасы 6-бетте)

## ЕЛДІКТІҢ АСҚАҚ БЕДЕЛІ

Голпрох ЖЕМЕНЕЙ

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні қарсаңында Ақтау қаласындағы ірі сауда орындарының желісі сөрелерін еңселі елдігіміздің бедерлі нышаны көк Байрағымызбен безендірді. Кеудеде мақтаныш сезімін кернеткен бұл көріністі сан буын ата-бабаның аңсарлы арманы әрі айқын мұратына айналған азаттықтың асыл діңгегін қадап, тәуелсіз мемлекет құрылымының негізін нықтаған азаматтардың рухына жасалған тағзым деп түйсіндік. Көк туды кең ауқымда дәріптеу халықтың рухын көтеріп, дүйім елді бірлікке үндейтін, ұлтты ұйыстырып, мемлекет бірлігін нығайтатын күдіретке ие екенін ұғындық. Көк туымыз бен көк түсті шарлардың үйлесімі Тәуелсіздік күнінің тарихи маңызын айқындап, ұлттық нақыштағы науқан елдігімізді айшықтай түсті. Елдіктің асқақ беделіне баланған байрақтың ерсілі-қарсылы жүрген жұртты елең еткізгені, әр азаматтың асқақ рухын оятып, бойында қанын тулатқаны шүбәсіз.



Ортақ отанымыздың әр азаматы үшін аса қастерлі мереке қарсаңында ел аумағында мұндай акцияның басталуы – өткен тарихқа өлшеусіз құрметтің, келер болашаққа зор үміттің белгісі. Бұл науқан баршамызға елдіктің, еркіндіктің, ең бастысы тәуелсіздіктің қадірін тағы бір сездіргендей болды. Қастерлі күнді күтпестен жаңажылдық безендіруге белсене кірісетін бәзбіреулер үшін бұл акцияның астарында ауқымды мазмұн жатыр. Ұлттық ұстанымымыз бен болмысымыздан айнамай, ұлт тарихын түгендеу – қасиетті парызымыз екенін ұғынған жөн.

## «Digital Mangystau – 2025» ІТ ФОРУМЫ

АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА «DIGITAL MANGYSTAU IT FORUM – 2025» ФОРУМЫ ӨТТІ. АУҚЫМДЫ ІС-ШАРАҒА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ ҚАТЫСЫП, ФОРУМНЫҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУ РӘСІМІНДЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ. ФОРУМ АЯСЫНДА ОБЛЫС ӘКІМІ ӨНІРЛІК ІТ ЖОБАЛАР МЕН СТАРТАПТАР КӨРМЕСІН, СОНДАЙ-АҚ «ROBO LEAGUE» РОБОТОТЕХНИКА ЖОБАСЫН АРАЛАП, ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫМЕН ТАНЫСТЫ.

(Жалғасы 2-бетте)